


## Баламасы жоқ бірегей жоба



Арқаның бас шаһары Қарағандыда қала тұрғындары мен қонақтарының демалысы мен мәдени өміріне мүлде жаңа мазмұн әкелетін ауқымды жобаның тұсауы кесілді. Тәттімбет көшесінің бойында, «Күнгеі» шағын ауданына қарай бағытта бой көтеретін «Керуен Karaganda» сауда-ойын-сауық орталығының құрылысы басталып кетті. Бұл заманауи сауда орталығы аймақтың экономикалық әлеуетін еселеп, ішкі туризмді жаңа деңгейге көтеретін стратегиялық нысан болмақ.



### ӨНІРЛЕРДІ ДАМУ

қалыптастыру, – дейді «Керуен Karaganda» компаниясының бас директоры Галина Зкрияева.

Жобаның экономикалық тиімділігі де орасан. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев атап өткендей, бұл нысан аймақ дамуына соны серпін береді:

– Ең бастысы, жобаның жүзеге асуы өңір экономикасының дамуына жаңа мүмкіндіктер ашады: кемінде 3900 жаңа жұмыс орны құрылып, бюджетке түсетін салық түсімі артады. Бұл жастар мен жергілікті кәсіпкерлер үшін үлкен қолдау, – деді өңір басшысы.

Әлемдік және отандық үздік брендтер шоғырланатын фудкорттар мен сауда алаңдары шағын және орта бизнестің өркендеуіне, ішкі туризмнің тартымдылығын арттыруға септігін тигізбек.

### Болашақтың еншісіндегі жоба

Ауқымды құрылыс екі кезең бойынша жүргізіледі. Жоспарға сәйкес, кешеннің негізгі бөлігінің құрылысы 2027 жылдың соңына қарай аяқталады деп отыр. Ал, жобаның екінші кезегі 2028 жылы толықтай іске қосылмақ.

«Керуен Karaganda» бас директоры Галина Зкрияева атап өткендей, басты мақсат – адамдардың жаны сүйіп келетін, заманауи және қауіпсіз жаңа буын орталығын қалыптастыру.

Қарағанды – еңбеккерлер мен мәдениеттің қаласы. Алдағы уақытта бой көтеретін бұл бірегей кешен қаланың саулеттік ажарын ашып қана қоймай, тұрғындардың тұрмыс сапасын арттыратын, Арқа төсіндегі ең тартымды демалыс орнына айналары сөзсіз.

Суреттерді түсірген  
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

### РЕСМИ

## Қадрдың қадірін арттырады

Парламент Мәжілісінде техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін жетілдіруге арналған заң жобасы таныстырылды. Құжатта білім беру саласымен қатар көші-қон мәселелерін реттеуге қатысты бірқатар өзгерістер қарастырылған.

Заң жобасын таныстырған сенатор Амангелді Есбай Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауында еңбек пен жұмысшы мамандықтарының маңызына ерекше назар аударылғанын атап өтті. Оның айтуынша, қазіргі таңда экономикаға тек дипломы бар мамандар емес, заманауи технологияларды меңгерген, тәжірибелік дағдылары жоғары техникалық кадрлар қажет.

Жаңа заң жобасы техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін дамытуға, отандық өндірісті қолдауға және жастардың кәсіби мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған. Құжатта кәсіби біліктіліктерді халықаралық деңгейде тану тетіктерін жетілдіру, саланы цифрландыру және ұлттық біліктілік жүйесін дамыту көзделген.

Сонымен бірге, еңбек көші-қонын реттеу тетіктерін жүйелеу, қоныс аудару бағдарламаларына қатысушыларды қолдау шараларын кеңейту және жекеменшік жұмыспен қамту агенттіктеріне бақылауды күшейту ұсынылып отыр. Мемлекеттік қолдау шараларының ашықтығын арттыру үшін оларды цифрлық жүйелермен ықпалдастыру жоспарланған.

Сенатордың айтуынша, заң жобасын іске асыру үшін мемлекеттік бюджеттен қосымша қаражат қажет болмайды.

Өз тілшімізден

### Қасымхан БҮРКІТҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

#### Лондондық талғам

Аумағы 180 мың шаршы метрден асатын бұл алып кешен «Керуен» желісіндегі ең ірі нысан әрі Қазақстандағы ең ауқымды орталықтардың біріне айналды деп күтілуде. Жобаның басты ерекшелігі – оның тек сауда-саттығында емес, мәдениет пен сапалы демалысқа басымдық беруінде. Кешеннің саулеттік тұжырымдамасын әлемге әйгілі, ірі коммерциялық және қоғамдық кеңістіктерді

жобалауға маманданған Лондондағы «Charman Taylor» компаниясы әзірлеген. Бұл – халықаралық стандарттар мен жергілікті сұраныстың үндесуінің жарқын үлгісі.

Жобаны «КеруенCity Karaganda» ЖШС жүзеге асыруда. Мамандардың айтуынша, кешен екі жерүсті қабатынан және кең жерасты көлік тұрағынан тұрады. Саулет өнерінің озық үлгісімен салынатын ғимараттың төбесінде ашық аспан әсерін беретін зәулім шыны күмбездер орнатылады. Бұл келушілерге кеңістік пен еркіндік сезімін сыйламақ.

### Мәдениет пен демалыс тоғысы

«Керуен Karaganda» – қалалық өмірдің негізгі мәдени ошағына айналуы көздейді. Кешен ішінде заманауи кітапхана, соңғы технологиямен жабдықталған бірнеше залдан тұратын кинотеатр, жыл бойы үздіксіз жұмыс істейтін мұз айдыны, балаларға арналған үлкен ойын алаңы мен отбасылық демалыс аймақтары орналасады.

Мұнда тек сауда жасап қана қоймай, ауқымды фестивальдер, көрмелер, жәрмеңкелер, спорттық іс-шаралар мен мұз айдынындағы шоуларды тамашалауға болады.

Яғни, кез келген азамат отбасымен келіп, күні бойы рухани әрі мәдени демалады.

### Әлеуметтік жауапкершілік

Жоба авторлары келушілердің жайлылығы үшін әрбір бөлшекті ескерген.

– Тіпті, келушілер жылы автобус аялдамасынан лифтіге тікелей өтіп, сол арқылы сауда-ойын-сауық орталығына жайлы көтеріле алатындай жағдай жасалды. Біздің міндетіміз – әрбір бөлшекті ескеріп, Қарағандыда тұрғындар сүйіп келетін жаңа буындағы заманауи сауда орталығын

## БАСПАСӨЗ-2026

### ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2026 жылдың II жартыжылдығына жазылу науқаны жалғасуда. Күнделікті жаңалықтар, сараптамалық мақалалар, мәдениет пен спортқа арналған жарияланымдар – бәрі бір газетте.

Газетке жазылу «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдеуге болады.

«Ortalyq Qazaqstan» – ақпаратқа сенім, жаңалыққа жақын!

Санаттар	Баламалы жазылым	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 айға 7600 теңге	6 ай 13 770,14	10 141,30
Жеке жазылулар үшін	6 айға 4000 теңге	6 ай 6 141,30	5 891,30

Анықтама телефоны: 41-26-85, 8-702-638-56-85, 8-705-902-04-05.

E-mail: ot.del.pochtovyy@bk.ru



Қаспи QR арқылы жазылуға болады

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!  
«Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнысыз) баламалы жазылу жүргізіледі.

## Балқашқа бір сағатта жетеміз

Жанартылған Балқаш әуежайы алғашқы жолаушыларын қабылдап, Астана мен Алматыдан келген рейстерді қарсы алды. Ауқымды қайта жаңғырту жұмыстарының кейін әуе айлағы қайта ашылып, өңірдің туристік әлеуетін арттыруға бағытталған маңызды инфрақұрылымдық нысанға айналды.

### Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Енді Балқашқа жету бұрынғыдан әлдеқайда жеңіл. Qazaq Air әуе компаниясы «Астана-Балқаш» бағыты бойынша күн сайын рейс орындайды. Ал, Алматыдан ұшатын рейстерді SCAT авиакомпаниясы аптасына алты рет жүзеге асырады. Мемлекеттік субсидиялардың арқасында әуе билеттерінің бағасы тұрғындар мен туристер үшін қолжетімді болып отыр.

Облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Мақсат Мұқашевтің айтуынша, әуежайды жаңғырту жұмыстары Мемлекет басшысының тапсырмасы негізінде жүргізілген. Жобаны қаржыландырудың 90 пайызы республикалық бюджеттен, ал, оның бір бөлігі қайтарылған активтер есебінен жүзеге асқан.

– Екі жарым жылға созылған құрылыс жұмыстары барысында әуеай-



Сурет облыс әкімінің сайымынан

лақ инфрақұрылымы толық жаңартылды. Рутьдеу жолы мен перрон қайта салынды, арнайы көлік қызметінің жаңа ғимараты бой көтерді. Сонымен қатар, он бір бірлік заманауи әуеайлақ техникасы сатып алынды. Аэровокзал ғимараты да түбегейлі жаңғыртудан өтті. Мамандар 1960 жылдары салынған нысанның тарихи сәулеттік келбетін сақтай отырып, ішкі құрылымын заманауи талаптарға сай қайта жабдықтады. Нәтижесінде жолаушыларға қызмет көрсету сапасы едәуір жақсарды, – деді

Мақсат Мұқашев.

Бүгінде әуежайда жаңа ұшу және күту залдары, заманауи қауіпсіздік тексеру жүйесі, жүк конвейері мен электронды ақпараттық тақталар жұмыс істейді. Жолаушылар үшін ана мен бала бөлмелері, медициналық кабинет және кафетерий ашылған. Одан бөлек, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қажетті барлық жағдай қарастырылған.

Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде әуежайдың өткізу қабілеті сағатына 80 жолаушыға дейін артып отыр.



### ТУРИЗМ

Сонымен бірге, мұнда туристік ақпараттық орталық іске қосылып, келушілерге Балқаш қаласы мен Қарағанды облысындағы көрікті жерлер, демалыс орындары және туристік бағыттар жөнінде толық мәлімет ұсынылады.

Алғашқы жолаушылардың бірі – қазіргі таңда Германияда тұратын балқаштық Наталья Мчения.

– Балқашқа соңғы рет бес жыл бұрын келгенде жол жүру айтарлықтай қиын болған еді. Бұл жолы Балқашқа бір сағатқа жуық уақытта жеттік. Өте ыңғайлы әрі жайлы болды, – дейді ол.

Аймақтағы көлік инфрақұрылымын дамыту жұмыстары мұнымен шектелмейді. Жазғы туристік маусым қарсаңында Қарағанды мен Балқаш арасында қосымша пойыз қатынасы іске қосылмақ. Сонымен қатар, «Балқаш-2» теміржол вокзалындағы күрделі жөнделу жұмыстары да аяқталған.

Мұның барлығы Балқашты еліміздің ең тартымды туристік бағыттарының біріне айналдырып, облыстың басты курорттық аймағына келушілер үшін қолжетімділікті арттыруға мүмкіндік береді.

# Ақтаста спорт кешені ашылды

Ақтас кентінде жаңа дене шынықтыру-сауықтыру кешені пайдалануға берілді. Көптен күткен нысан енді кент тұрғындарының бұқаралық спортпен тұрақты айналысуына, балалардың түрлі секцияларға қатысып, шеберлігін шыңдауына мүмкіндік береді.



Сурет облыс әкімінің емінен

**Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Жаңа спорт нысанының ашылу рәсіміне Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев қатысты. Өңір басшысы соңғы жылдары облыста спорт инфрақұрылымын дамытуға ерекше көңіл бөлініп отырғанын атап өтті.

— Бүгінде облыс аумағында заманауи спорт инфрақұрылымын дамыту қарқынды жүріп жатыр. Бұқаралық спортты кеңінен дамытуға, саламатты өмір салтын орнықтыруға бағытталған жүйе

елі жұмыстардың нәтижесінде осындай кешендер бой көтеруде. Бұл дене шынықтыру-сауықтыру орталығы — соның айқын дәлелі. Мұнда бұқаралық спорт түрлері дамып, болашақ чемпиондар қалыптасатынына сенім мол. Спорт — тек жарыс емес, ол тәртіп пен табандылықтың, ерік-жігер мен жеңіске деген ұмтылыстың мектебі, — деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Жаңа кешеннің жалпы аумағы 2,2 мың шаршы метрден асады. Мұнда күрес, бокс, ұлттық спорт түрлері, гимнастика және жаттығу залдары жабдықталған.

Қазақ күресі, джиу-джитсу, каратэ, тоғызқұмалақ, асық ату, бесасық, садақ ату сынды спорт түрлерімен шұғылдануға барлық жағдай жасалған. Сонымен қатар, жаттықтырушылар мен медицина қызметкерлеріне арналған кабинеттер де қарастырылған.

Нысан қажетті құрал-жабдықтармен толық қамтамасыз етілген. Бокс залында кәсіби ринг орнатылса, тренажер залында күштік және кардиожаттығуларға арналған заманауи жабдықтар қойылған. Көрсеткіштер үшін 140 орындық трибуна бар.

— Ақтас кентінде осындай спорт кешенінің ашылуы — үлкен қуаныш. Көптеген елдерде болып, спорт нысандарын көрген адам ретінде айтарым, біздің дене шынықтыру-сауықтыру кешеніміз шетелдік заманауи нысандардан кем түспейді. Мұнда алдағы уақытта еліміздің абыройын асқақтататын чемпиондар өсіп шығатынына сенемін. Мұндай инфрақұрылым — ел болашағына



жасалған инвестиция, — деді Қазақстанның еркін күрестен еңбек сіңірген жаттықтырушысы Амангелді Мұсабеков.

Дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің басшысы болып «Арыстан» спорт клубының негізін қалаушы, джиу-джитсу мен жауынгерлік самбодан спорт шебері, қоян-қолтық ұрыстан Еуразия жүлдегері Берікбол Ермағанбетов тағайындалды. Оның айтуынша, кешен жұмысын бастауға толық дайын. Штат жасақталған, балаларды тегін секцияларда жеті бапкер жаттықтырады.

— Спортпен өз кентімізде айналысуға мүмкіндік туғанына қуаныштымын. Мұнда барлық жағдай жасалған, баскетбол алаңы да ыңғайлы. Мен 14 жастамын, баскетболмен жарты жылдан бері айналысып жүрмін. Алдымен достарым келді, кейін мен де қосылдым. Бұл спорт маған қатты ұнайды. Алдағы уақытта үлкен жеңістерге жеткім келеді, — дейді жас баскетболшы Гурани Нареклишвили.

Айта кетейік, бүгінде Қарағанды облысында 1381 спорт нысаны жұмыс істейді. Оның 330-ы ауылдық елді мекендерде орналасқан. Спорттық инфрақұрылымды дамыту бұқаралық спорттың қолжетімділігін арттырып, тұрғындардың салауатты өмір салтына қызығушылығын күшейтуге жол ашады.

Суреттерді түсірген  
**Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ**

# Азия ойындарына әзірлік пысықталды



Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың төрағалығымен өткен аппарат жиынында Жапонияда өтетін XX жазғы Азия ойындарына дайындық мәселесі қаралды. Жиында облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Нұркен Нұратов өңір спортшыларының әзірлік барысы туралы баяндады.

**Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

XX жазғы Азия ойындары 19 қыркүйек пен 4 қазан аралығында Жапонияның Аичи және Нагоя қалаларында өтеді. Құрлықтық додаға 45 мемлекеттен 12 мыңнан астам спортшы қатысады. Бағдарламаға 41 жазғы спорт түрі енгізіліп, 460 медаль жиынтығы сарапқа салынады. Сондай-ақ, биылғы додада киберспорт, брейкинг, скейтбординг, ушу, кабадди секілді жаңа бағыттарға да басымдық берілмек.

— Аймақ спортшыларын Азия ойындарына даярлау жұмыстары бекітілген жоспарға сәйкес жүріп жатыр. Бүгінде өңірден спорттың 18 түрі бойынша 46 спортшы үміткерлер қатарында. Олардың сапында жеңіл атлетика, көркем жүзу, бокс, велоспорт, дзюдо, ауыр атлетика, академиялық есу, байдарка мен каноэде есу, семсерлесу, жүзу, әйелдер күресі, самбо, спорттық гимнастика, спорттық күзге өрмелеу, каратэ және өзге де спорт түрлерінің өкілдері бар. Жыл басынан бері облыс спортшылары 52 оқу-жаттығу жиынына қатысып, республикалық және халықаралық деңгейдегі 28 жарыста бақ сынады. Өңір спортшылары биылғы маусымда халықаралық аренада да жоғары нәтиже көрсетіп келеді. Жеңіл атлетика, көркем жүзу, велоспорт, бокс, жүзу және ауыр атлетика өкілдері Азия чемпионаттары, әлем кубогы кезеңдері мен өзге де ірі жарыстарда жүлдегерлер қатарынан көрінді, — деді облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Нұркен Қанатұлы.

Басқарма басшысының баяндауынша, спортшыларды даярлау сапасын арттыру мақсатында материалдық-техникалық база да нығайтылуда. 2024-2026 жылдары спорттық және медициналық құрал-жабдықтарды жаңартуға 197 миллион теңге бөлінді. Бұл қаржыға спортшылардың жаттығу процесіне қажетті заманауи құралдар, қалпына келтіру және медициналық бақылау жабдықтары алынды. Сонымен қатар, жетекші спортшыларды фармакологиялық қолдауға бағытталған қаржы көлемі де ұлғайтылды. Егер 2023 жылы бұл бағытқа 10 миллион теңге қара-

стырылса, 2024-2026 жылдары қаржыландыру көлемі 37 миллион теңгеге дейін артқан.

Алдын ала болжам бойынша Қарағанды облысының спортшылары Азия ойындарында 1 алтын, 1 күміс және 5 қола медаль жеңіп алуға әлеуетті. Жалпы, нәтиже 7 медаль шамасында болады деп күтілуде. Дегенмен, ұлттық құрамның түпкілікті құрамы республикалық және халықаралық жарыстардың қорытындысы бойынша анықталады.

Жиында мүмкіндігі шектеулі спортшылардың да дайындығы сөз болды. 2026 жылғы 18-24 қазан аралығында Жапонияның Аичи және Нагоя қалаларында V жазғы Параолимпия ойындары өтеді. Бұл додаға 45 елден 4 мыңнан астам спортшы қатысып, 18 спорт түрі бойынша бақ сынамақ.

— Параолимпия ойындарына спорттың үш түрі бойынша 9 спортшы қатысуға дайындалып жатыр. Атап айтқанда, жүзу спортынан 6 спортшы, жеңіл атлетикадан 2 спортшы, голболдан 1 спортшы үміткерлер қатарында. Мамандардың болжамынша, өңір параспортшылары 1 алтын, 1 күміс және 1 қола медаль иеленуі мүмкін, — деді Нұркен Нұратов.

Сонымен қатар, Азия ойындарына дайындық тек спортшылардың жеке нәтижесіне ғана емес, өңірдегі спорт инфрақұрылымы мен ұйымдастыру жұмыстарының сапасына да байланысты. Мұндай ірі халықаралық додаларға қатысу — спортшылар үшін тәжірибе жинақтаудың, шеберлігін шыңдаудың маңызды кезеңі. Облыс тарапынан оқу-жаттығу жиындары, медициналық сүйемелдеу және қажетті құрал-жабдықпен қамту мәселелеріне назар аударылып отыр. Бұл өз кезегінде спортшылардың жарысқа толыққанды дайындалуына мүмкіндік береді. Алдағы лицензиялық және іріктеу жарыстары үміткерлердің нақты құрамын айқындайды.

Аппарат жиынын қорытындылаған облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Азия және Параолимпия ойындарына дайындықты жүйелі жүргізуді тапсырды. Осы бағыттағы міндеттердің орындалуын бақылауды өзінің орынбасары Әлібек Үсеңұлына тапсырды.

# Іскерлік байланыстар ілгерілейді

Кеншілер астанасына еліміздің түпкір-түпкірінен кәсіпкерлер мен мемлекеттік құрылымдардың өкілдері келіп, аймақтың экономикалық және инвестициялық әлеуетімен танысты. Аталған шараға 40-тан астам делегат қатысып, облыс аумағындағы ірі кәсіпорындардың қызметімен, инвестициялық жобаларымен және өзара ынтымақтастық мүмкіндіктерімен кеңірек танысуға мүмкіндік алды.

**Жәлел ШАЛҚАР,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Кездесудің негізгі алаңы ретінде «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы таңдалды. Мұнда жергілікті тауар өндірушілердің өнімдері көрмеге қойылып, қатысушылар өңірлік өндірістің алуан түрлілігіне көз жеткізді.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев өңірдің өнеркәсіптік әлеуетін ерекше атап өтті:

— Қарағанды облысы — қуатты өнеркәсіптік әлеуеті қалыптасқан ірі индустриялық өңір. Мұнда металлургия, машина жасау және құрылыс индустриясы қарқынды дамып келеді. Біз жаңа өндірістерді іске қосуға, кооперациялық байланысты кеңейтуге және инвестиция тартуға барлық жағдайды жасап отырмыз. Бүгінгі қол жеткізілген келісімдер ұзақмерзімді әрі өзара тиімді серіктестіктің берік негізіне айналады деп сенемін, — деді облыс әкімі.

Облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының басшысы Асқар Ғазалиев қатысушыларға өңірдің экономикалық мүмкіндіктері мен инвестициялық

жобалары туралы жан-жақты баяндады. Әсіресе, CargoHUB Karaganda мультимодальды әуе хабы жобасы көпшіліктің қызығушылығын тудырды.

Бұл жоба әуе, теміржол және автомобиль тасымалдарын бір жүйеге біріктіруге бағытталған және өңірдің транзиттік әлеуетін айтарлықтай арттыруға мүмкіндік береді. «Сарыарқа» әуежайының басқарма төрағасы Руслан Ғаббасов жобаның стратегиялық маңыздылығына тоқталды.

— CargoHUB Karaganda Еуропа мен Қытай арасындағы жүк тасымалын дамытуға жол ашады. Алты сағаттық ұшу радиусында ірі логистикалық тораптардың орналасуы шығындарды азайтып, тасымал тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді, — деді Руслан Ғаббасов.

Жобаның ауқымында Cargocity агломерациясын құру жоспарланған. Әуежай аумағы шамамен 320 гектарды құрайды, және дәл осындай көлем логистикалық инфрақұрылымды дамытуға бөлінген — қоймалар, қонақүйлер, көлік және сервистік компаниялардың нысандары салынады. Сонымен қатар, жүк терминалдарының аумағы үш есеге ұлғайып, 3,5 мыңнан 10 мың шаршы метрге дейін кеңейтіледі. Биылғы қыркүйекте заманауи



жанармай құю кешені іске қосылады, бұл Қазақстандағы батыс стандартына сай, Қытайдан жеткізілетін отынды пайдаланатын алғашқы әуежай нысаны болады.

Делегация мүшелері сондай-ақ, Qatmet кәсіпорнына, Saqan индустриялық аймағына және өңірдегі өзге өндірістік алаңдарға ат басын тіреді. Қонақтарға жүзеге асырылып жатқан жобалар мен алдағы даму жоспарлары таныстырылды.

Ақмола облысынан келген кәсіпкер Руслан Шамкенов Қарағандыға нақты іскерлік мақсатпен келгенін атап өтті.

— Мақсатым — өңірдің мүмкіндіктерімен танысу ғана емес. Туристік бизнесті дамыту үшін QazTehna компаниясынан автобус сатып алуға жоспарлап отырмын және алдағы ынтымақтастыққа да ашықпын. Осындай кездесулер жаңа серіктестер тауып, іскерлік байланысты

нығайтуға зор мүмкіндік береді, — деді Руслан Шамкенов.

Кездесу қорытындысында облыстың кәсіпорындары мен еліміздің өзге өңірлерінен келген бизнес өкілдері арасында ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қойылды.

Ермағанбет Бөлекпаев қорытынды сөзінде өңірдің инвестициялық әлеуетін арттыру мен жаңа өндірістерді іске қосу бағытындағы нақты қадамдарды атап өтті.

— Ұсынылған бастамалар мен қол қойылған меморандумдар — аймақтың инвестициялық әлеуетін арттыруға, өнеркәсіптік кооперацияны дамытуға және жаңа өндірістерді іске қосуға бағытталған нақты қадамдар. Ендігі басты міндет — қол жеткізген келісімдерді уақытылы әрі тиімді жүзеге асыру, — деді облыс әкімі.

Кеншілер өлкесі жаңа жобалар мен ынтымақтастық арқылы Қазақстанның ірі индустриялық және логистикалық орталықтарының бірі ретінде өзінің стратегиялық ролін күшейтуді көздеп отыр.

Суретті түсірген  
**Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ**



• ЖОБА

# Термин түзелсе, тіл түлейді

Өндірісті өнірде қазақ тілінің ғылыми-технологиялық, инженерлік-инновациялық әлеуетін дамытуға бағытталған «Сөз-жасам» жобасы жүйелі түрде жүзеге асып келеді. Облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқарманың бастамасымен қолға алынған жобаның басты мақсаты – өндіріс, техника, инженерия, тау-кен, металлургия және инновациялық салаларда қолданылатын терминдерді біріздендіру, қазақ тіліндегі баламаларын ғылыми негізде жүйелеу.

Магжан ҚУДАЙБЕРГЕН, «Ortalyq Qazaqstan»

Кәсіби ортада, оқу үдерісінде, өндірістік құжаттарда, техникалық нұсқаулықтарда дұрыс аударылмай жүрген, калька түрінде қолданылатын немесе мүлде қазақша баламасы қалыптаспаған атаулар аз емес. Осы олқылықтың орнын толтыру үшін жоба аясында лингвист ғалымдар, тіл мамандары, жоғары оқу орындарының оқытушылары, өндіріс өкілдері, журналистер мен блогерлерден құралған сараптама тобы жұмыс жүргізуде.

Техникалық, инженерлік, өндірістік терминдерді жүйелеу өте өзекті. Бұл бағытта тек ғалымдар ғана емес, сала мамандары, оқытушылар, журналистер, тіл жаныштары бірлесіп жұмыс істеп жатыр. Жобаның ерекшелігі – термин мәселесі тек кабинетте, сөздікпен шектеліп қарастырылмайды. Сарапшылар өндіріс ошақтарына барып, мамандармен тікелей кездеседі, нақты жұмыс үдерісімен танысады, қолданыстағы атауларды кәсіби ортада талқылайды. Өйткені, терминнің өміршеңдігі қағаздағы аудармамен ғана емес, оның сала мамандары-

на түсінікті, қолданысқа ыңғайлы болуымен өлшенеді. Былтыр 200-ден астам термин қарастырылып, калька түрінде қолданылып жүрген 130 сөз Тіл комитетіне ұсынылды. Биыл 300-ге жуық терминді сараптау көзделіп отыр. Негізгі мақсат – қазақ тілінің ғылым мен өндіріс тілі ретіндегі әлеуетін нақты іспен көрсету, – дейді «Сөз-жасам» жобасының жетекшісі, облыстық тілдерді оқыту орталығының директоры Алмагүл Игенова.

14 мамырда сараптама тобы Саран қаласындағы бірқатар өндіріс орындарын аралады. Олар «ККК Бетон» ЖШС бетон және темірбетон бұйымдарын өндіру зауытында, «Silk Road Electronics» тұрмыстық техника өндіру зауытында, «ТЭМПО – Қазақстан» болаттан электрмен дәнекерленген құбырлар өндіру зауытында, сондай-ақ, қазақстандық мырышталған металл бұйымдарын өндіру кәсіпорнында болды. Кездесу барысында өндіріс мамандары салада жиі қолданылатын, бірақ дұрыс аударылмай жүрген құрал-жабдық, технологиялық іс-әрекет, өндірістік процесс атауларына қатысты ой-пікірлері мен ұсыныстарын ортаға салды.

Ал, 25 мамырда сараптама тобы Әбілқас Сағынов атындағы



Қарағанды техникалық университетінің ғалымдарымен және оқытушылар құрамымен кездесті. Жиында кәсіби салаға бағыттап оқытудағы термин мәселесі, өндірістік атаулардың оқу үдерісінде қолданылуы, техникалық пәндерде кездесетін аударма қиындықтары, қазақ тіліндегі ғылыми-техникалық терминдердің сапасы талқыланды.

Университет оқытушылары кәсіби пәндерді қазақ тілінде оқыту барысында конспект, дәріс, дипломдық жұмыс, диссертация жалу кезінде қазақша баламасы қалыптаса қоймаған немесе әртүрлі нұсқада қолданылып жүрген терминдер жиі кездесетінін айтты.

Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің про-

фессоры, филология ғылымдарының докторы Алма Әділова термин жасауда ең алдымен, тілдік нормаға, аударма дәлдігіне және ұғымның мазмұнын дұрыс жеткізуге мән беру қажеттігін айтты. Оның пікірінше, жаңа термин тек қазақша естілуі үшін ғана емес, ғылыми ұғымды дәл беруі үшін жасалуы керек. Бұл ретте ұлттық терминологияның табиғи дамуына, қазақ тілінің ішкі заңдылығына сүйену маңызды.

Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің профессоры Бектұрсын Қалиев жана терминдерді ғылыми негіздеп, жүйелеу бүгінгі терминолог мамандардың басты міндеттерінің бірі екенін атап өтті. Оның айтуынша, терминжасам – мемле-

кеттік тілдің қолданылу аясын кеңейтетін, қазақ ұғымына ғылыми, өндірістік, инновациялық атауларды ұтымды жеткізетін маңызды сала.

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің ғалымдары Жасұлан Атамбаев, Нұрбол Бахтыбаев, Нұрбол Хуанған кәсіби салаға бағыттап оқытудағы бірқатар қиындықтарға тоқталды. Олар термин ретінде ұғымның мағынасын толық беретін қазақ сөздерін алу, ал, кең қолданыстағы халықаралық терминдерді қазақ тілінің табиғатына сәйкес бейімдеу қажеттігін айтты.

Сараптама тобы университеттің шеберханаларымен де танысты. Бұл жұмыс нақты өндірістік үдерісті көру, құрал-жабдық

атауларын, технологиялық әрекеттерді, мамандыққа тән кәсіби ұғымдарды орнында зерделеу үшін маңызды болды.

– Конспект жазу барысында, дәріс кезінде, дипломдық немесе диссертациялық жұмыс әзірлегенде қазақша баламасы жоқ немесе орнына терминдер жиі кездеседі. Біз осы мәселелерді университет ғалымдарымен бірге талқыладық. Алдағы уақытта 200-ге жуық сөздің тізімі қаралып, сараптамадан өтеді. Қазақ тілі ғылым мен техниканың, өндірістің де тілі бола алатынын дәлелдейтін әрі сол бағытта нақты қадам жасайтын кез келді, – дейді журналист, сараптама тобының мүшесі Айсултан Жақып.

Жоба аясында әлеуметтік желілер арқылы да тұрақты ақпараттық-насихат жұмыстары жүргізіліп келеді. Көпшілік тарапынан айтылған ұсыныстар, кәсіби ортада жиі кездесетін тілдік қолданыстар, сала мамандарының ескертпелері назарға алынып, сараптама тобының талқылауына ұсынылады.

Қазіргі таңда сараптама тобы тау-кен индустриясы, дәнекерлеу ісі, технологиялық процестерді автоматтандыру және басқару, электромеханикалық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану, сондай-ақ, басқа да өндіріс салалары бойынша 200-ден астам терминді аударып, біріздендіру бағытында жұмыс жүргізуде. Алдағы уақытта сарапталған терминдерді Терминкомға ұсыну көзделген.

Сурет ұйымдастырушылардан

## Балқаш туризмі брендке айналады



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев туризмді экономиканың маңызды драйвері әрі инвестиция тартудың перспективалы бағыты ретінде айқындап отыр. Бүгінде Президент тапсырмасына сәйкес өнірде туризм саласын дамытуға бағытталған кешенді шаралар жүйелі түрде жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, Балқашта биылғы туристік маусымға дайындық жұмыстары айтарлықтай күшейтілген. Былтырғы жылдың қорытындысы бойынша қалаға 182 901 турист келіп, туризм саласында көрсетілген қызмет көлемі 3,25 млрд теңгені құрапты. Биыл демалушылар саны мен көрсетілетін қызмет көлемінің бұдан да артуы күтілуде. Олай дейтініміз, қалада қолға алынған жаңа жобалар мен инфрақұрылымдық бастамалар биылғы маусымға сақайдай сай.

Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Жыл басынан бері жалпы инвестиция көлемі 2,77 млрд теңгені құрайтын үш демалыс аймағы іске қосылды. Жыл соңына дейін 2,712 млрд теңгені құрайтын тағы алты нысанды пайдалануға беру жоспарлануда. Сонымен қатар, 2025 жылы мемлекеттік қолдау аясында туризм саласындағы бес жобаға жалпы сомасы 702,5 млн теңге көлемінде қаржыландыру бөлінген. Биыл сол жобалар ел игілігі үшін қызмет атқармақ.

Туристік саладағы шығындардың бір бөлігін өтеу мемлекеттік қолдау шеңберінде Балқаш қаласы бойынша бір өтінім мақұлданды. Қазіргі уақытта осы бағытта тағы бес өтінім қаралуда. Бұдан бөлек, Үкімет басшысының тапсырмасына сәйкес, Бөртіс шығанағы аумағында жалпы аумағы 14 гектарды құрайтын өңірлік индустриялық аймақ құрылды. Бүгінде «Premium Villa Balkhash» ЖШС құрылыс жұмыстарын бастап кетті. Сондай-ақ, «Сарыарқа» ӘКК-мен әріптестік аясында екі инвесторға санитарлық-сауықтыру кешені мен қонақүйі салу үшін жер учаскелері берілді, – деді Балқаш қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Ерслан Зияда.

Қала аумағындағы барлық қолданыстағы туристік нысанға тексеру және паспорттау жұмыстары жүргізілген. Маусымға дайындық аясында Барқовское ауданында, «Балқаш Tour Fest» фестивалі өтетін аумақта, және Шұбартүбек пен Торанғалық елдімекеніндегі жағажай аумақтарында бекітілген талаптарға сәйкес абаттандыру жұмыстары жүргізілуде.

Абаттандыру аясында көлеңкелі шатырлар орнатылып, жаға-



жайларға киім ауыстыратын кабинет қойылуда.

Мүмкіндігі шектеулі жандарға қолайлы жағдайы да толық жасалады. Қазіргі таңда «Balkhash Tour Fest» фестивалі өтетін аумақта кешенді абаттандыру жұмыстары жүргізілуде. Атап айтқанда, автодұрақтар кеңейтіліп, периметрлік жарықтандыру жүйесі орнатылды. Қоршаулар салынып, шағын сәулет нысандары орналастырылды. Сонымен қатар, қосымша санитарлық тораптар орнату көзделген. Бүгінде барлық курорттық аймаққа жаяу жүргіншілер тротуарларын салу жұмыстары басталды. Қажетті материалдар толық көлемде сатып алынған. Қазіргі уақытта модульдік санитарлық тораптар, душ кабинеттері және киім ауыстыратын кабинеттердің жеткізілуі күтілуде. Бүгінде бұл жұмыстар 55%-ға орындалған, – деді Ерслан Зияда.

Сонымен қатар, Шұбартүбек және Торанғалық елдімекенінде құтқару станциясы орнатылып, Бөртіс шығанағын зартару жұмыстары да жалғасуда.

Торанғалық елдімекенінде тұрғындар мен туристердің қа-

уіпсіздігін қамтамасыз ету және қоғамдық тәртіпті сақтау мақсатында полиция бекетін ашу жоспарлануда. Одан бөлек, 15 суауірден бастап, масаларға қарсы дезинсекциялық өңдеу жұмыстары жүргізілуде. Аталған жұмыстар бойынша конкурс нәтижесінде «Батыс Қазақстан облыстық медициналық бірлестігі» жеке медициналық мекемесі жеңімпаз атанған. Дезинсекция жұмыстары төрт кезең бойынша жүзеге асырылады. Оның екі кезеңі аяқталды. Барлық жұмыстарды 2026 жылдың 15 шілдесіне дейін аяқтау жоспарланған, – деді Ерслан Қанатұлы.

Айта кетейік, биыл төртінші жыл қатарынан ұйымдастырылып отырған «Balkhash Tourfest – 2026» фестивалі алғаш рет республикалық туристік және мәдени іс-шаралар күнтізбесіне енгізілді. Былтыр екі күн ішінде 50 мыңнан астам турист жиналып, рекордтық көрсеткішке қол жеткізген болатын. Биыл көкше көлдің жағасы 70 мыңға дейін турист қабылдауға әзір.

Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

## Кәсіпкерлер үшін жаңа мүмкіндік



2026 жылы JICA қазақстандық кәсіпкерлерге арналған «Жапон тәжірибесі негізінде іскерлік әлеуетті дамыту» атты халықаралық тағлымдама ұйымдастырылуда. Токио қаласында 24 тамыз бен 8 қыркүйек аралығында өтетін жобала қазақстандық шағын және орта бизнес өкілдері Жапонияның заманауи басқару жүйесін, өндірістік технологияларын және бизнесті ұйымдастыру тәжірибесін үйренеді. Қатысушылар тек теориялық ақпарат алып қана қоймай, нақты жапон кәсіпорындарының жұмысымен танысады. Олар өндіріс орындарына барып, компания басшыларымен кездесіп, бизнес жүргізудің жапондық моделін зерттейді.

Тағлымдама бірнеше стратегиялық бағыты қамтиды. «Туризм» бағытында қатысушылар Жапонияның туристік индустриясындағы сервистік модельдерді, қонақжайлық мәдениетін және ішкі туризмді дамыту тәжірибесін үйренеді. Қазіргі уақытта облыстан JICA бағдарламасымен туризм бойынша 2 жоба ұсынылды. Бағдарлама аясында кәсіпкерлер жапондық кәсіпорындарда B2B кездесулер өткізіп, халықаралық серіктестермен байланыс орнатады. Одан бөлек, тәжірибе алмасу, өндірістік процестерді зерттеу, жапон технологияларымен танысуға мүмкіндік алады.

Жапония – туристерге қызмет көрсету сапасы бойынша әлемдегі жетекші елдердің бірі.

Сондай-ақ, Жапония жер сілкінісі жиі болатын мемлекеттің бірі болғандықтан, елде қауіпсіз құрылыс технологиялары өте жоғары деңгейде. Қатысушылар сейсмотұрақты ғимараттар салу тәжірибесіне назар аударады. «Күріш және қайта өңдеу өнімдері» бағдарламада ауыл шаруашылығындағы инновациялық технологиялар, күріш өсіру мен өңдеудің тиімді тәсілдері қарастырылады.

Сонымен қатар, «Іскерлік байланыстар» бағдарламасы аясында қазақстандық кәсіпкерлер бұған дейін Германияда

бизнес-тағлымдамалардан өткен болатын. Осы жылдар ішінде, Қарағанды облысынан шамамен 20 адам бағдарламаға қатысқанын айтады облыстық кәсіпкерлер палатасының баспасөз хатшысы Фарица Ауылбаева.

Бағдарламаға қатысу үшін үміткерлер қолданыстағы шағын және орта бизнес субъектісінің басшысы, орташа жылдық табысы кемінде 10 000 АЕК болатын кәсіп иесі, басқарушылық шешім қабылдау құқығына ие болуы тиіс. Құжат тапсыру мерзімі 29 мамырға дейін.

JICA бағдарламаларының басты артықшылықтарының бірі – жапондық басқару мәдениетін үйрену. Соңғы жылдары Қазақстан мен JICA арасындағы ынтымақтастық күшейіп келеді. Агенттік елімізде өндіріс тиімділі-

гін арттыру, адами капиталды дамыту және кәсіпкерлікті қолдау бағыттарында түрлі жобаларды жүзеге асыруда. Бұл тағлымдама қазақстандық кәсіпкерлер үшін халықаралық деңгейде тәжірибе жинауға берілетін үлкен мүмкіндік. Жапония әлемдегі ең технологиялық және тәртіпке негізделген экономикалардың бірі ретінде танымал. Сондықтан, мұндай бағдарлама кәсіпкерлерге жаңа серіктестер табуға, өндірісті жетілдіруге, экспорттық әлеуетті арттыруға, халықаралық тәжірибені менгеруге, инновациялық ойлау жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Айта кету керек, Japan International Cooperation Agency (JICA) – Жапония үкіметінің халықаралық ынтымақтастық және даму саласындағы ең ірі ұйымдарының бірі.

Айша ҒАНИ, ҚарҰЗУ II курс студенті Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің экономика және заң факультеттері Б.А.Бөкетов атындағы магистратураның келесі мамандықтары бойынша мамандар даярлайды:

«IT-кәсіпкерлік және цифрлық экономика» (информатика+математика), «Математикалық экономика, статистика және деректерді талдау» (физика+ атематика), «Экономика» (докторантура бар), «Менеджмент», «Есеп және аудит», «Қаржы», «Цифрлық мемлекеттік басқару», «Маркетинг және SMM», «Логистика», «Мемлекеттік аудит», «Әлемдік экономика», «Кәсіпкерлік және жобаларды басқару» (география+математика), «Туризм», «Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі» (география+шет тілі), «Құқықтану», «Халықаралық құқық», «Сот және прокурорлық қызмет», «Кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеу», «Қылмыстық кірістерді жылы-

статуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл және экономикалық қауіпсіздік», «Мемлекеттік билік және басқару органдарының қызметін құқықтық қамтамасыз ету», «Бизнесті заңдық қамтамасыз ету», «Жеке құқық» (дүниежүзі тарихы+адам, қоғам, құқық). Мемл.лицензия: KZ55LAM00009976, «ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті» 29.10.2025 ж. берген, тел.: 8 (7212)35-64-05, https://buketov.edu.kz/, priemka@ksu.kz

## • ЧЕМПИОНАТ

## Сайыпқыран сақшылар сайысы

Қарағандыда полиция қызметкерлері арасында бокстан республикалық чемпионат өтті. Чемпионатқа мұрындық болған Ішкі істер министрлігі. Бұндай чемпионат тұңғыш рет ұйымдастырылды. Оған еліміздің барлық өңірінен құқық қорғау органдарының үздік қызметкерлері қатысып, өзара мықтыны анықтады. Чемпионаттың ашылу салтанатында министрліктің Жеке құраммен жұмыс департаментінің бастығы, полиция полковнигі Олжас Мырзабеков, министр Ержан Сәденовтің құттықтауын жеткізді. Биыл алғаш рет өткізіліп отырған бәсекеде 25 командадан 200-ден астам спортшы бақ сынады.



Олжас Мырзабеков өз сөзінде аталған чемпионаттың тек спорттық дода ғана емес, полиция қызметкерлерінің кәсіби даярлығын шыңдап, рухын бекемдейтін маңызды алаң екенін атап өтті. Бұндай турнир – тәртіп сақшыларының батылдығы мен табандылығын, темірдей тәртібі мен қайсар рухын айқындайтын айтулы дода. Полиция қызметкері үшін мықты физикалық дайындық, төзім мен мінез – қызметтің ажырамас бөлігі. Сондықтан, мұндай жарыстар алдағы уақытта тұрақты түрде ұйымдастырылады, – деді ол.

Чемпионатқа Қарағанды облысынан сегіз спортшыдан құралған команда қатысып, сегіз салмақ дәрежесі бойынша сынға түсті. Тартысты жекпе-жектердің нәтижесінде жерлестеріміз жоғары нәтижелер көрсетіп, бір спортшы күміс медаль иеленсе, үш спортшы қола жүлдеге қол жеткізді. Әрбір кездесу көрермендердің ерекше қызығушылығын тудырып, рингтегі әр секунд жеңіске деген

жігер мен табандылықтың айқын көрінісіне айналды.

Сайыс барысында жүлделер тек жекеley есеп бойынша ғана емес, жалпы командалық көрсеткіш бойынша да сарапқа салынды. Жекелей есепте чемпион атанған Павлодар облысының инспекторы Шамұрат Құсайынов жарыстан кейінгі сұхбатында бұл жеңістің оңайлықпен келмегенін атап өтті.

– Ақтық сын атауына сай өте қиын болды. Әр жекпе-жек мен үшін үлкен сынаққа айналды. Бұл жеңіс – тек менің ғана емес, бала кезімнен спортқа баулыған ата-анамның, жаттықтырушыларымыздың және қызметпен қатар, спортты ұмыттырмаған әріптестерімнің де жеңісі, – деді чемпион.

Ол өз сөзінде қандай жетістікке жетсе де, онда қолдау көрсеткен адамдардың еңбегі жатқанын ерекше атады. Спортшының пікірінше, жеңіс ешқашан жалғыз адамның еңбегімен келмейді, ол – тұтас ұжымның ортақ жетістігі.

Қарағанды қаласында алғаш рет осындай форматта ұй-

ымдастырылған чемпионаттың жоғары деңгейде өтуі де көпшіліктің көңілінен шықты. Ұйымдастырушылар бұл жарыстың дәл біздің қаламызда өткізілуін Қарағандының бокстағы беделімен байланыстырды. Себебі, өңіріміз талай чемпиондарды тәрбиелеп шығарған, спорттық дәстүрі қалыптасқан аймақ ретінде белгілі.

Жарыстың қорытындысы бойынша жалпы командалық есепте қарсыластарына дес бермей, ең жоғары ұпай жинаған Абай облысының командасы бірінші орынды жеңіп алды. Бұл жеңіс команданың бірлігі мен жүйелі дайындығының нәтижесі болды. Жеңімпаз команданың капитаны, Абай облысы оқу-жаттығу взводының инспекторы әрі полиция капитаны Қанағат Арал да жарыс аяқталғаннан кейін өз әсерімен бөлісті.

– Командалық есепте топ жару оңай емес. Себебі мұнда әр спортшының нәтижесі маңызды рөл атқарады. Біз осы жарысқа зор жауапкершілікпен дайындалдық. Сондықтан да, бұл жеңісті бүкіл командамыздың ортақ еңбегінің жемісі деп білемін, – деді ол. Сонымен қатар, чемпион өз өмір жолындағы спорттың орны туралы да айтып өтті. Оның сөзінше, бала кезінен спортпен айналысып, түрлі жарыстарға қатысқанымен, уақыт өте келе, қызметтік міндеттерге байланысты үлкен спорттан қол үзіп қалған. Алайда, бұл чемпионат оның жеті жылдық үзілістен кейінгі алғашқы бәсекесі екен.

– Ұзақ үзілістен кейін рингке қайта оралу оңай болған жоқ. Дегенмен, бұл жарыс өз күшімді тағы бір мәрте сынауға мүмкіндік берді. Спорттан алыстасам да, бабымның әлі де сақталғанын көрсеткім келді, – деді полиция капитаны.

Осылайша бір апта бойы жалғасқан чемпионат өз мәресіне жетіп, қатысушылар мен көрермендердің жадында жарқын естелік болып қалды. Тәртіп сақшыларының тек қызметте ғана емес, спорт алаңында да жоғары деңгейдегі дайындықтарын көрсеткен бұл дода көптеген жас спортшыларға үлгі болды.

Ақберен НҰРТАЙ,  
ҚарҰЗУ ІІ курс студенті

Суретті түсірген  
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

## • БӘРЕКЕЛДІ!

## АҚШ-та алтыннан алқа тақты

Қарағандылық жас спортшы Асанәлі Абаев бразилиялық джиу-джитсудан АҚШ-та өткен IBJJF Worlds әлем чемпионатында топ жарды. Калифорния штатының Лонг-Бич қаласындағы дүбірлі додаға әлемнің әр құрлығынан келген таңдаулы спортшылар қатысқан. Бәсекесі жоғары байрақты бәсекеде қазақстандық спортшылар ел қоржынына бірнеше медаль салды.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,  
«Ortalyq Qazaqstan»



IBJJF Worlds – бразилиялық джиу-джитсу әлеміндегі ең беделді бәсекенің бірі. Биыл 30-шы рет өткен чемпионатта Қазақстан құрамасы ересектер арасында қоңыр белбеу дәрежесінде екі алтын, бір қола медаль жеңіп алды. Алинұр Қуатұлы мен Сейілхан Болат әлем чемпионы атанса, Батыр Теңізбай қола жүлдеге қол жеткізді.

Бұл жеңістер қатарында қарағандылық Асанәлі Абаевтың табысы айрықша аталады. Жас

спортшы Қазақстан тарихында IBJJF бойынша алғашқы әлем чемпиондарының қатарына еніп, отандық джиу-джитсу шежіресінде жаңа белес ашты.

Облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының таратқан ақпаратынша, Асанәлі Juvenile 1 санында, 53,5 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде, көк белбеу бойынша сынға түсті. Чемпиондық тұғырға жету жолында ол төрт күрделі белдесу өткізді. Әр кездесу жас спортшының дайындығын, төзімін және

тактикалық сауатын сынады.

Ақтық сында Асанәлі Бразилиядан келген мықты қарсыласпен кездесті. Тартысты өткен шешуші жекпе-жекте қос спортшы да аянып қалған жоқ. Негізгі уақыт қорытындысында төрешілер жеңісті қазақстандық спортшыға берді. Осылайша қарағандылық Асанәлі Абаев әлем чемпионы атанып, алтын медаль иеленді.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

## • МӘДЕНИЕТ ОШАҚТАРЫНДА

## Керімсал ақынмен кездесу

Әуезов атындағы орталық қалалық кітапханада кейінгі айларда өңірлік ақын-жазушылармен оқырман сұранысына сай мазмұнды кездесулер жиі ұйымдастырылып келеді. Сондай тағылымды кештің бірі ақын, әріптесіміз Ерқанат Кенесбекұлымен өтті. «Бақыт деген – сіз бен біз» деп аталған әдеби жездесу оқырманды ойға жетелеп, ақынның шығармашылық әлеміне бойлатты.



Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,  
«Ortalyq Qazaqstan»

«Бұл ән бұрынғы әннен өзгереді» демекші, бұл кездесудің

Ақынның болмысын ашу мақсатында экранда арнайы ұяшықтарға түрлі сауалдар жасырылып, оған келген қонақтар мен ойлы оқырман бірлесе жауап берді.

Әдеби кешті ақынның ұстазы, ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері, кітапханашы Ғазиза Ғабдоллақызы тізгіндеді. Кеште Н.Нұрмақов атындағы мектеп-интернаттың оқушылары мен шәкірттерді өнерге баулып, әдеби ортаға жетелеп жүрген Ақиддар Қарсыбекқызының шәкірттері Ерқанат Кенесбекұлының жалынды жырларын жатқа оқыды.

Сонымен қатар, жас ақындар да кештің ажарын аша түсті. Айтолқын Жаңабайқызы Ерқанат ағасына арнаған өлеңін оқыса, Нұрасыл Аманжол мен №19 мектептің оқушысы, жас ақын Айкөркем Сызханова өз шығармаларын көпшілік назарына ұсынды.

Кездесу соңында Керімсал ақын ағынан жарылып, өлеңді қадірлеген оқырман мен жиналған ақеділ қауымға алғаусыз алғысын білдірді.

Сурет автордан

## • ОЛЖАС СҮЛЕЙМЕНОВТІҢ ТУҒАНЫНА – 90 ЖЫЛ

## Тағылым тұнған кеш

Н.Гоголь атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханада көрнекті ақын, қоғам қайраткері, Қазақстанның Халық жазушысы Олжас Сүлейменовтің 90 жылдығына «Мир Олжаса Сүлейменова» атты поэтикалық сағат өтті. Тағылымы мол рухани кеш ұлт руханияты мен әлемдік ой кеңістігін тоғыстырған, мазмұнды әдеби диалог алаңы болды.

Жәлел ШАЛҚАР,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Кеш барысында Олжас Сүлейменов поэзиясының философиялық тереңдігі мен тарихи-мәдени салмағы кеңінен сөз болды. Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің магистранты, «QS-school» мектебінің орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Арайлым Бейбітқызы ақынның «Аз и Я» еңбегінің әдебиет пен тарих ғылымындағы ерекше орнын атап өтті. Сондай-ақ, «Земля, поклонись человеку!» поэмасындағы

адамзаттық гуманизм идеялары мен «Невада – Семей» антиядролық қозғалысындағы азаматтық ұстанымы да жан-жақты талданды.

Кештің рухани мазмұнын тереңдете түскен маңызды сөз – заң ғылымдарының докторы, профессор Сағаттар Абдрахмановтың ақын өлеңдерін тебірене оқуы болды. Оның орындауындағы жырлар кешке ерекше әсер беріп, Олжас Сүлейменов поэзиясының азаматтық үні мен философиялық қуатын айқындай түсті. Сонымен қатар, жергілікті ақындар Людмила Мельникова, Ольга Воротынская, Татьяна



на Ромашихина ақынға арналған арнау өлеңдерін оқып, әдеби кештің көркемдік өрісін кеңейтті.

– Кешке қатысқан жастар да поэзия әлеміне деген шынайы қызығушылығымен ерекшеленді. Қарағанды жоғары политехникалық колледжінің студенттері мен №3 гимназия оқушылары Олжас Сүлейменов шығармаларын мәнерлеп оқып, көрермен ықыласына бөленді. Жас буынның әдебиетке деген құрметі кештің тәрбиелік және рухани мәнін арттыра түсті, – дейді кітапхананың абонемент бөлімінің басшысы Мейрамгүл Жұмағұлова.

Іс-шара аясында кітап көрмесі ұйымдастырылып, ақынның поэзиялық жинақтары, публицистикалық еңбектері мен ғылыми зерттеулері көпшілік назарына ұсынылды.

Сурет автордан

ORTALYQ  
QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі  
МЕНШІК ИЕСІ: «Сауатқа Ақпарат» ЖШС

Директор  
Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА

Директордың орынбасары  
Станислав Альбертович ПЕСНЕВ

Директордың орынбасары  
Галия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактор  
Е.К. МҰСАБЕК

Бас редактордың орынбасары  
Қ.А. АЙТЖАН

Сайт редакторы  
А.Ә. СОВЕТ

Жауапты хатшы  
С.Б. ПИЯШ

Телефондар:

Бас редактор: 43-38-53  
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08  
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33  
Жауапты хатшы: 43-49-72  
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:

Ақтоғай, Шет, Балқаш,  
Приозерск: 8-702-293-13-70  
Қарқаралы, Нұра,  
Осакаров: 8-702-216-73-50  
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,  
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.  
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.  
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.  
• Материалдың жариялану ақысы төленген ☑

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № КЗ18ВРУ00030163 күәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.  
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru  
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе  
41-26-82, 43-57-88  
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ  
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,  
БИК KСJZKZKX БИН 000840001412

Таралымы 4 108

№57 тапсырыс. Индекс 65484  
Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша  
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.  
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.  
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.  
Кезекші редактор Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН